

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

пікір айтты [10]. Мыңдап қырылған ақбөкендердің жайылатын жерлері Ақмола облысындағы Жаксы, Жарқайың аудандары сол аймақтағы Есіл ауданымен іргелес тұр. Есілдегі Қалашы ауылының тұрғындары уран кенішінің зардабынан мезгілсіз ұйқыға кеткен болатын. Бұл себептің зардабын анықтап, зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде халықтың мезгілсіз ұйқыға кетуіне, әлбетте уран кеніші кінәлі деп саналды.

Қарап отырсақ киіктердің қырылуына да уран кенішінің себебі бар екендігі айтылады. Тек адамға ғана емес, даланың маңдайына біткен, кең аймақта қаптап жүретін ақбөкендердің де өлімдеріне себеп болып отырғаны баршаға мәлім. Еліміздегі апатты аймақтардың жағдайы адам аярлық, бізге ядролық отынның қалдықтарын жерге көму- бұл келешек ұрпаққа деген үлкен қиянаттылықтың белгісі. Тіршілікке қауіп- қатері бар мұндай қалдықтарды Қазақ елінде сақтауға біз толықтай қарсымыз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Егемен Қазақстан №185 (28663) 29 қыркүйек, сейсенбі 2015
2. Егемен Қазақстан №187 (28665) 1 қазан, бейсенбі 2015
3. Егемен Қазақстан №167 (28645) 3 қыркүйек, бейсенбі 2015
4. Егемен Қазақстан №167 (28645) 3 қыркүйек, бейсенбі 2015
5. Егемен Қазақстан №170 (28394) 2 қыркүйек, сейсенбі 2014
6. Егемен Қазақстан №154 (28378) 9 тамыз, сенбі 2014
7. Жас Алаш №77 (16055) 29 қыркүйек, сейсенбі 2015
8. Жас Алаш №77 (16055) 29 қыркүйек, сейсенбі 2015
9. Жас Алаш №80 (16058) 8 қазан, бейсенбі 2015
10. Жас Алаш №41 (16019) 26 мамыр, сейсенбі 2015

ӘОЖ 808.2.070.5.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АҚПАРАТ КЕҢІСТІГІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Құдайбергенова Әсел Нұрланқызы

gkuanyshebekkyzy@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Р.Нуриден

БАҚ қызметінің және Қазақстан Республикасы ақпараттық нарығының жұмыс істеуінің негізі Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады [1]. Қазақстан Республикасының Конституциясы сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндікке кепілдік береді, цензураға тыйым салады, сонымен қатар әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар екенін айқындайды, идеологиялық және саяси әралуандылықты таниды. Қазір Қазақстанда ақпарат нарығының негізгі, елеулі элементтері қалыптасқан. Мәселен, 1990 жылдарға дейін республикада барлығы 10 республикалық мемлекеттік газет пен журнал басылса, эфирге 21 теле және радиоарна шығарылса, ал соңғы жылдардағы мәлімет бойынша Қазақстан Республикасында жеті мыңнан астам бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Мемлекеттік емес БАҚ-тардың үлесі 78-ге жуық процентті құрайды. Тіркелген БАҚ-тың жалпы санынан 2479 бұқаралық ақпарат құралы тұрақты негізде жұмыс істейді.

«Елімізде БАҚ-ты кең тұрғыда тақырыптық саралау орын алып отыр. Қазіргі уақытта баспалық БАҚ-тың үлесі масс-медианың жалпы санының 50 пайызын, қоғамдық-саяси - 16 пайызды, ғылыми - 9 пайызды, жарнамалық - 10,5 пайызды, балалар, жастар, әйелдер және діни басылымдар шамамен әрқайсысы 2 пайызды құрайды»[2,25-6]. Қазақстан Республикасында 212 электрондық БАҚ жұмыс істейді. Аса ірі жалпыұлттық электрондық

БАҚ-тар Қазақстан Республикасы аумағының: «Хабар» телеарнасы - 95,70 пайызын, «Қазақстан» - 96,25 пайызын, «Еуразия - бірінші арна» - 78,60 пайызын, «Қазақ радиосы» - 86,99 пайызын қамтиды. Орталық Азия, Орта Шығыс, Еуропа және Солтүстік Африка елдерінің аумақтарында хабар тарататын «Kazakh TV» спутниктік арнасы жұмыс істейді. Елімізде кабельдік және эфирлі-кабельдік телевидение желілерінің 80-нен астам операторы іске қосылған, ол отандық және шетелдік электрондық БАҚ арқылы хабар тарату қызметін көрсетеді. Олардың ішінен ең ірісі «Алма-ТВ» (еліміздің 13 қаласына хабар таратады), «Қазақпараттелеком», «Секател» және «Қазорталық-ТД» (5 қала бойынша), «КВК» (4 қала) болып табылады. Қазақстанның ішкі ақпарат нарығында 2309 газет пен журналды, 83 телерадио бағдарламасын қоса алғанда, 2392 шетелдік бұқаралық ақпарат құралы таратылады. Қазақстан Республикасында спутниктік телевидение және деректерді компьютермен беру жүйелер арқылы ақпарат өнімдерін қабылдауды бір мыңға дейінгі шетелдік телеарналармен, электрондық форматтағы баспалық БАҚ-тың шектеусіз саны арқылы қабылдауды жүзеге асыруға болады. Қазақстан Республикасында шетелдік бұқаралық ақпарат құралының 80-нен астам өкілі аккредиттелген. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары атауларының жалпы санының 90 пайызға жуығы орыс тілінде, 5 пайызы - ағылшын тілінде, 5 пайызы әлемнің басқа тілдерінде таратылады. Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік БАҚ-тың аса ірі желілері «Қазпошта» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - АҚ), «АиФ-Қазақстан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - ЖШС) біріккен кәсіпорны, «Еуразия-пресс» АҚ, «Алма-ТД» АҚ, «Секател» және «Қазорталық-ТД», «Кателко+» ЖШС болып табылады. Осы құрылымдар тарататын масс-медианың жиынтық көлемі жалпы көлемнің 70 пайызын құрайды. Қазақстанда жалпыұлттық «эшелонға» көбіне басқаларға, бірінші кезекте жергілікті жердегілерге залал келтіре отырып, шектен тыс баса назар аударылады. Мұндай көзқарас жергілікті және өңірлік ақпарат нарығының және бұқаралық ақпарат құралдарының дамымауымен, сыртқы ақпарат нарығында жүйелі жұмыстың болмауымен ерекшеленеді.

Қазақстан Республикасында, қоғам үшін әлеуметтік маңызы бар және аса маңызды тақырыптарды жариялауға мемлекеттік тапсырыс жүйесінің жұмыс істеуін қоса алғанда, БАҚ-ты мемлекеттік қаржылық қолдаудың бірқатар тетіктері жасалған. Ұлттық (қазақстандық) ақпарат нарығын оның бүгінгі таңдағы болмысы жағынан бәсекелес емес деп айқындауға болады, өйткені онда нарықтық экономика қағидаттары таза және толық көлемде қолданылмайды. Осыған байланысты ақпарат нарығында мынадай теріс сипаттағы құбылыстар байқалады: қазіргі заманғы ақпарат нарығының талаптарына сәйкес келетін кәсіби мамандардың жеткілікті санының - менеджерлердің, шығармашылық қызметкерлердің, журналистердің, талдаушылардың, тележүргізушілердің, стрингерлердің, технологтардың, заңгерлердің және басқалардың болмауы. Ақпарат нарығы субъектілерінің, бірінші кезекте БАҚ-тың техникалық жағынан нашар жабдықталуы, ол ақпарат өнімдерін өндіру мен тарату жөніндегі материалдық-техникалық базаның әлсіздігінен, ақпараттарды тарататын телекоммуникациялар мен арналарға, әсіресе өңірлерде, қолжетімділіктің шектеулі болуынан туындап отыр. Ақпарат нарығының субъектілері, бірінші кезекте БАҚ өте төмен табыстылықпен жұмыс істейді, көп жағдайларда мемлекетке немесе қаржы-өнеркәсіптік топтарға тікелей қаржылай тәуелділікте болады. Көбіне өз қызметінде олардың мүдделерін білдіреді. Нарықтың ақпарат сыйымдылығының, соның ішінде жарнаманың аздығы, халықтың бір бөлігінің төлем қабілетінің аса жоғары болмауы, ол жеке және заңды тұлғалардың ақпарат өнімдеріне аз шығын жұмсауымен түсіндіріледі. Жергілікті, өңірлік және жалпыұлттық телекоммуникация инфрақұрылымының және ақпараттар беру мен тарату инфрақұрылымының дамымауы, соның ішінде ақпаратты беру мен таратудың монополиялы түріне жақын жай-күйіне байланысты туындап отыр. Қол жеткізген даму деңгейіне сәйкес ішкі ақпараттық нарықтың дамуының заңнамалық базасын дер кезінде жетілдіру мәселесі ерекше байқалуда. Бұл стратегиялық мәселелерді отандық медиа-нарықты одан әрі ырықтандыру мен дамытуға жағдай жасай отырып, дәйекті түрде шешуі қажет.

Елімізде ақпараттық саясат және ақпараттық процестерді тиімді басқару проблемасы дамыған елу елдің қатарына кіру жөніндегі стратегиялық міндетке сәйкес ғылыми негізделген сарабал көзқарасты талап етуде. Әлемдік тәжірибе негізінде талдап жасалынған Қазақстанның ақпараттық бәсекеге қабілеттілігі жөніндегі тұжырымдама – осы бағыттағы алғашқы қадамдардың бірі. «Қазақстанның тәуелсіз жылдарының ішінде тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдарының уәзипалық етуі үшін саяси, экономикалық және құқықтық жағдайлар жасалды. Мұның өзі – заңнамалық, сондай-ақ, нizamдық кесімдермен қуатталатын нақтылы шындық. Бізде БАҚ–тың басым көпшілігі мемлекеттік емес. Мәселенің мәні мұнда да емес, ол баспасөз бен теледидардың цензура болмайтын, БАҚ жұмысының жеңілдікті тегершіктері жасалған жағдайдағы, олардың қызметінің заңдық тегершігі айқын анықталған жағдайдағы уәзипалық етуінің бекем тетігінде жатыр» [2, 24-б]. «Бұл – мемлекет пен қаламгерлер қауымдастығы бірлесе жеткен белес» [3,25-б].

Мемлекет пен қаламгерлер қауымдастығын біріктіретін ортақ желі мемлекеттік идеология болуға тиіс. Бүгінгі таңда Ресейде саяси идеология бойынша зерттеулер жүйелі жүргізілуде. Біздің елімізде де осындай зерттеу жұмыстарының қажеттігі күн санап арта түсуде. Өйткені, «Қазақстан – 2030» Стратегиясында ел идеологиясының теориялық – тұжырымдамалық негізі қаланғанымен, оны бағдарламалық – мақсаттық тұрғыда өрбіту насихаттық науқандар деңгейінде қалып отыр. Міндет ғылыми-практикалық ізденіс деректеріне сүйене отырып, Стратегияның қағидаттары мен идеологемаларын нақты ұрандар тіліне көшіру, орталық және жергілікті деңгейлерде басқару шешімдерін қабылдау, маркетингтік қамтамасыз ету шараларын ұсыну болып табылады.

Ақпараттық саясат халықтың таным көкжиегін кеңітуге жәрдемдесуге тиіс. Басқа халықтардың тәжірибесіндегі оң атаулының бәрін қабылдауға ұмтылумен қатар, әрбір халықтың асыл арманы - өз Отанының алдыңғы қатарлы елдермен бір сапта жүріп келе жатқанын, дүниежүзілік дамуда өзіне мәртебелі орын қамтамасыз еткенін, халықтар арасында лайықты түрде орын алып отырғанын көру. Қазақ мемлекетінің орны қандай болуға тиіс және бүкіл адамзатқа не айта аламыз? Біздің саяси-әлеуметтік ойымыз алдында тұрған мәселелер ішінде бұл, сөз жоқ, саяси идеологиямыздың ең ауыр, бірақ сонымен бірге ең маңызды проблемасы болып табылады. Әлемдегі ең үздік елу елдің сапынан орын алу қазақтың өзге жұрттармен терезі тең болғандығының басты куәсі болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Астана: Қазақстан, 2007.
2. Ақпараттық саясаттың рөлі. // Егемен Қазақстан. 5 сәуір.2003.
3. Бекболатұлы Ж. БАҚ жұмысының стратегиялық қағидаттары. // Ақиқат. №8. 2007.

УДК 391/395:070

ҚАЗАҚТЫҢ АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІ

Отарбаева Бақытжан Баймаханқызы

b.otarbaeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті Журналистика және Саясаттану факультетінің II курс студенті
Жетекшісі – Ж.Базарбаева

Біздің көтеріп отырған тақырыбымыз – қазақтың ат қою дәстүрі. Мақсат - өзінше бөлек, дәстүрлі қазақ ат қою ерекшеліктерімен өскелең ұрпақты, өз замандастарымды таныстыру, ой салу.